

ҚҰРМАЛАС
СӨЙЛЕМ.
ЖҮРЕК ҚАН-ТАМЫР
ЖҮЙЕСІНІҢ
АУРУЛАРЫ.

Рахимова Дамира
Группа- АД 204



ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жай сөйлем бір ғана ойды білдірсе, құрмалас сөйлем – екі немесе одан да көп ойды, күрделі ойды білдірудің тәсілі, құралы.

Құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен қосымша, шылау, орын тәртібі, өзіндік интонация арқылы байланысады. Мысалы: Күн шыққан соң, мал өріске кетті.

Күрделі ойды білдіретін, бір-бірімен мағыналық, грамматикалық форма арқылы байланысқан жай сөйлемдердің тіркесі

құрмалас сөйлем деп аталады.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ.

- Салалас құрмалас сөйлем
- Сабақтас құрмалас сөйлем
- Аралас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлемдер үш топқа бөлінеді:

салалас құрмалас;

сабақтас құрмалас;

аралас құрмалас.

САЛАЛАС ПЕН САБАҚТАС ТҮРЛЕРІ-

Салалас

Сабақтас



АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Аралас құрмалас сөйлем

Кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен сабақтаса да салаласа да байланысатын құрмалас сөйлемнің түрі.

Аралас құрмалас сөйлемнің 2 баяндауыштары тиянақты ал біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді.

Баяндауышы тиянақты жай сөйлемдер-
басыңқы

Баяндауышы тиянақсыз жай сөйлемдер-
бағыныңқы

Жүрек қан-тамыр аурулары

- Жүрек аурулары, әр түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар.
- Жүрек ауруларының жиі кездесетін түрлері: ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыр неврозы, миокард инфарктысы, гипотония, т.б.
- Жүрек ақауы – жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы. Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар.

Дұрыс тамақтану не үшін қажет?

- Жүрек – қан тамыры ауруларын, асқазан – ішек жолдарының ауруларын, дене салмағының төмендеуіне, әлсіздікке, склерозға, қант диабеті, рак және остеопороз ауруларының алдын алу үшін қажет, ауырмай, ұзақ өмір сүру үшін қажет.



Жүрек қантамырларына зиянды заттардың әсері

• **Никотинде (темекіде) у болатындықтан, ең алдымен жүректің жиырылуын жиілетіп, қантамырларын тарылтады. Жүректің бұлшықеттері тез шаршайды. Темекі тартатындардың басы ауырып, ұмытшақ болады. Темекі мүшелерді қанмен жабдықтауды әлсіретеді.**

Еліктеткіш ішімдіктің (алкоголь) зияны темекіден де күшті. Арақтың уы қанға тез сіңіп, ағзаға тез таралады. Жүрек пен қантамырлар жұмысын бұзады. Қантамырлар қабырғасының серпінділігі азайып, осал болады. Адам ентігеді, жүрек қабы майланып, жүрек жұмысына кедергі жасайды.

Жүрек ақауы – жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы. Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар. Туа пайда болған жүрек ақауы көбіне ұрықтың дамуы кезінде, жүректің қалыпты жетілмеуінен болады. Жүре пайда болатын жүрек ақауы, негізінен, баспа, мерез, т.б. аурулардың асқынуынан болады.



ЖҮРЕК АУРУЛАРЫ

- **Жүрек аурулары**, әр түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қан тамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар. Жүрек ауруларының жиі кездесетін түрлері: ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыр неврозы, миокард инфарктысы, гипотония, т.б. Жүрек ақауы – жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы. Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар. Туа пайда болған жүрек ақауы көбіне ұрықтың дамуы кезінде, жүректің қалыпты жетілмеуінен болады. Жүре пайда болатын жүрек ақауы, негізінен, баспа, мерез, т.б. аурулардың асқынуынан болады. Бұл жағдайда жүректің ішкі қабаты қабынып, қақпақшалар беріштеніп, кішірейіп, жүрекше арасындағы саңылауды толық жаба алмайды.

